№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды
29.08.2024
(күні, айы, жылы)

БЕКІТЕМІН
№8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
МКҚК меңгерушісі
_____ Ж.Саутбекова
«29» 08 2024ж.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ
ОРТАҢҒЫ «ҚУАНЫШ» ТОБЫНЫҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Тәрбиешілері: Нурлыбаева М.
Сулейменова Н.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ортаңғы «Қуаныш» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09 - 06.09.2024 жыл I-апта
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктерінекүтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күнтәртібі	Дүйсенбі 02.09.2024	Сейсенбі 03.09.2024ж	Сәрсенбі 04.09.2024ж	Бейсенбі 05.09.2024ж	Жұма 06.09.2024ж
Балалардықабылдау	Сәлеметсіз бе! **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балалардықабылдау барысында, балаларға қазақтың ұлттық аспабы — домбыраны таныстыру; Күй өнерінің ерекшелігін, маңызын түсіндіру; Балаларға музыкалық тәрбие беру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті ояту. Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі (Музыка)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15минут:** Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.				

	Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы Сөйлеудіектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары		**«Ортақ ойыншық»** Ортасына бір әдемі ойыншық қойылады. Балалар кезекпен ойнап көреді. Тәрбиеші: «Кезек күту керек» деп түсіндіреді. **Міндет:** Кезекпен ойнауды, ортақ затқа құрметпен қарауды үйрету	**Қаржылық сауаттылық «Қазына салынған қорап»** Тәрбиеші ойыншық қорапқа «ақша» ретінде түрлі-түсті дөңгелектер салады. Балалар кезекпен бір-бір дөңгелек алып, түстерін атап айтады. **Міндет:** Ақша заттың белгісі екенін түсіну, түстерді ажырату **(Математика негіздері)**.	**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** **«Арқан тарту» (жеңілдетілген түрі)** Балалар екі жаққа бөлініп, жұмсақ арқанды ұстайды. Бір-бірін тартады. Тәрбиеші «Алға! Артқа!» деп көмектеседі. **Міндет:** Бірлікке, күшті жұмсауға, топтық ойынға баулу.	**«Менікін тап»** Тәрбиеші ойыншықтарды араластырып қояды. Әр бала өз ойыншығын тануы керек. Тәрбиеші сұрайды: «Бұл сенікі ме?». Бала «иә» не «жоқ» деп жауап береді. **Міндет:** Өзіндік затты дұрыс иеленуге, шындықты айтуға үйрету. **(Сөйлеуді дамыту)**
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1)«Қолды бастан жоғары шапалақта».Б.қ:н.т. 1- қолды жаңға созу.2-қолды жоғары котеріп шапалақтау.Б.қ келу. 3-4 рет 2)«Алақанды көрсет».Б.қ: н.т. 1-қолды шынтақтан бүгеміз. 2-саусақтарымыз иықта.Б.қ келу. 3-4 рет 3)«Иілу».Б.қ:1-иіліп ,саусақтарды аяқтың басына тигізу.Б.қ келу 3-4 рет 4)«Еденге отыр».Б.қ:1-аяқ иық кеңдыгінде,2-екі қолды артқа қойып тірелеміз,3-оң(сол)аяқты кезекпен көтеру.Б.қ келу. 3-4 рет 5)«Секіру».1-бір орнында тұрып,қол белде,қос аяқпен секіру.Б.қ келу. 3-4 рет 6) Дем басу жаттығулары. 7-8 рет				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,. Нан, шәй, май, ірімшік, сүт, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын! Рахмет! (**Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, біртұтас тәрбие бағдарламасы** Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету **«Үнемді тұтыну»**				
	1-ші апта дәйек сөзі «Еңбек — қуаныштың кілті.»				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		**Дидактикалық ойын:** «Салыстыр» **Міндеттері:** «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. **Шарты:** Шардың тәрбиешінің қай қолында көп екенін салыстырып табады. **(Математика негіздері)**	**Дидактикалық ойын:** «Оқу құраларын ата» **Міндеттері:** Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету. **Шарты:** оқу құралдарын суреттен көрсетіп атайды. **(Сөйлеуді дамыту)**	**Жұмбақ шешу**: Аяғы бар жүрмейді Аузы бар күлмейді Айнымайды бөпемнен тек сөйлеуді білмейді (Қуыршақ) **Міндеттері:** Жұмбақ шешкізу арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. **(сөйлеуді дамыту)**	**«Ұшқыр ой алаңы»** **Ойын: «Сөйлемді жалғастыр»** Тәрбиеші: «Аспанда ...» Балалар: «күн бар», «бұлт бар», «жұлдыз бар». Мағынасы: сөйлемді толық құрастыру.**(қазақ Тілі)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Дене шынықтыру** **Музыка**	**Қазақ Тілі**	**Дене шынықтыру**	
		Дене шынықтыру (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Музыка** **(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша).** **Ойын:** «Тап та айт» **Міндеті**: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп) Тәрбиеші заттарды көрсетіп айтады: «Бір допты көрсет» «Көп допты көрсет» Балалар тауып, сөзбен айтады: — Бір доп — Көп доп **«Айнаға қарайық»**(артикуляциял	**Қазақ Тілі** **Міндеті:**Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау дағдыларын дамыту. **Ойын:**«Балабақшада не бар?» **Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға түрлі суреттерді көрсетеді. Әр сурет бойынша сұрақ қояды: – Бұл қайда? (мысалы: Ұйықтайтын бөлме) – Мұнда не бар? – Бұл кім? Балалар жауап береді: – Бұл – ойыншық. – Бұл – тәрбиеші. – Бұл – төсек. **Ойын:** «Жол салайық» **Міндеті:** Көлденең және	**Дене шынықтыру** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Ойын:** «Мен және досым» **Міндеті:**"Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. тәрбиеші: — «Сен кімсің?» Балалар: — «Мен – бала» / «Мен – Айша» Әр бала өзін атап айтуға үйренеді. Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші: — «Бұл кім?» (жанындағы баланы көрсетіп) — «Бұл – менің досым» Балалар бір-бірін көрсетіп:	**Ойын:** «Жапсырайық» **Міндеті:** Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру арқылы ,қағаз бетінде көлемі мен түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі ретТілікпен орналастыруды үйрету Тәрбиеші үлгі көрсетеді: «Қызыл шеңберді бірінші жапсырамыз, ал жасыл үшбұрышты екінші жапсырамыз» Балалар дайын пішіндерді белгілі ретТілікпен қағазға жапсырады. **«**Сипаттап көрейік» Балалар әр пішінді сипаттайды: «Бұл шеңбер қызыл» «Бұл квадрат көк» «Үшбұрыш жасыл»

		ық жаттығу) **Міндеті:** Дауысты (а) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту Балалар айнаға қарап орындайды: «А» – ауызды кең ашу: «А-а-а» «П» – ерінді түйістіріп, ауа шығару: «П-п-п» «Б» – ерінді түйістіріп, дауыс қосу: «Б-б-б» Дыбысты таны «Кім қалай айтады?» (Көркем әдебиет + Сөйлеуді дамыту) Тәрбиеші қысқа өлең немесе тақпақ айтады: А-а-а – алма бар, Б-б-б – балапан, П-п-п – піл келді, Бізбен бірге ойнады. Балалар қайталап айтады, дыбыстарды созып айтады. **Ойын:**«Құрастыр да айт» (Құрастыру + Сөйлеуді дамыту) Балалар кубиктерден: Алма (домалақ етіп) Үй немесе пойыз құрастырады Құрастырған соң: «А-а-а, алма»	тік сызықтарды салу арқылы, олардың қиылысуын жүргізе отырып шығармашылығын дамыту «Қане, ұзын жол салайық» – көлденең сызық «Ал енді тік мұнара салайық» – тік сызық Балалар сызықтарды еркін салады. «Қанша сызық салдық?» (көп–аз) «Қайсысы ұзын?» «Жоғары–төмен, оң–сол» бағыттарын айту **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, Сурет Математика негіздері,**	— «Бұл – досым» деп айтады. Көркем сөз «Біз біргеміз» Қысқа тақпақ: Мен – баламын, Досым бар. Бірге ойнап, Күлген бар. Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды. **Ойын:** «Тап та көрсет» **Міндеті:** Екі заттың өлшемі бойынша (ұзын-қысқа,биік-аласа,артық-кем) салыстыру Тәрбиеші айтады: «Ұзын лентаны көрсет» «Аласа мұнараны көрсет» «Артық ойыншықты көрсет» Балалар тез тауып көрсетеді. **Сөздік жұмыс:** Ұзын – қысқа Биік – аласа Артық – кем **(Қоршаған ортамен танысу,Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, Қазақ тілі, Математика негіздері)**	Тәрбиеші әр пішіннің түсі мен пішінін атап, сөйлемдер құрауға көмектеседі. **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға карточкалар көрсетеді: «Бұл не?» – «Ағаш», «Піл», «Үй» Балалар қайталап айтады Қарапайым сөйлем құрауға ынталандыру: «Бұл ағаш», «Мынау піл» «Санап көрейік» Балаларға 2–3 зат беріліп, санайды: «Неше ағаш бар?», «Пілдер қанша?» Артық/кем, көп/аз ұғымдарын пайдалану: «Қайсысы көп?», «Қайсысы аз?» **Ойын:**«Құрастыр және ата» Балалар кубиктер мен ойыншықтарды пайдаланып: «Үйді құрастыр», «Ағаш жаса» Құрастырған заттарын атайды: «Мынау үй», «Бұл ағаш» **(Жапсыру,Сөйлеудідамыту және көркем әдебиет,**

		«П-п-п, пойыз» «Б-б-б, бала» **(Математика негіздері, Қазақ тілі, Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, Құрастыру)**			**Қазақ тілі, Математика негіздері,Құрастыру,**)
2-ші таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жеСөйлеудідіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу ас болсын! Рахмет! (**Сөздік минимум)**				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жеСөйлеудідіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен		**Бақылау:** Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. **Міндеті:** Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. **Еңбек**:Құстарға жем сауыт жасау. **Міндеті:** Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып	**Бақылау:**Бұлтты бақылау. **Міндеті:**Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату. **Еңбек:**Ауладағы гүлдерді суару. **Міндеті:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **Міндеті:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың Сөйлеуді байлығын байыту, дыбыстардың	**Бақылау:**Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. **Міндеті:**Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. **Еңбек:**Құстарға жем сауыт жасау. **Міндеті:**Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті,	**Бақылау:** Желді бақылау. **Міндеті:**Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күшТілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. **Еңбек:** «Әдемі гүлдер» Мақсаты:Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. **Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел» **Міндеті:**Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы Сөйлеудідегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.

		кетті, Ұшып кетті тырналар. **Міндеті:** Балалардың сөздік қорларын молайтып, Сөйлеудідің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. **Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?» **Міндеті:** Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру. **Қимылдық ойын:** «Аттамақ». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. **Тренинг:** «Тырналар болып ұшайық». **(Қоршаған ортамен таныстыру)**	дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. **Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» **Міндеті:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажетТілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. **Қимылдық ойын:** «Соқыр теке». Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады. **Дербес ойындар:** 1.Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. **Тренинг:** «Біз тату баламыз». **(Қоршаған ортамен таныстыру)**	Ұшып кетті тырналар. **Міндеті:** Балалардың сөздік қорларын молайтып, Сөйлеудідің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. **Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?» Міндеті:Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру. **Қимылдық ойын:** «Аттамақ». Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек. 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. **Тренинг:** «Тырналар болып ұшайық». **(Қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру)**	Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **Қимылдық ойын**: «Айгөлек-ау, айгөлек». **Міндеті:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажетТілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. **Қимылдық ойын:** «Орамал тастау». Ойын барысы:Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. **Дербес ойындар:** 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім»(**құрастыру**) **Тренинг:** «Қолшатыр астында».

					(Қоршаған ортамен таныстыру)
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»** Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Нан, сорпа, ,сусын. Көгөністер қияр, пияз, сәбіз. тамағыңды іш, ас болсын! **(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
		Ертегі «Шұбар тауық» **(Көркем әдебиет)**	Ертегі «Үйшік» **(Көркем әдебиет)**	Ертегі «Бауырсақ» **(Көркем әдебиет)**	Ертегі «Тырна мен түлкі» **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		**Ұлттық ойын:** Сақина салу (балаларға арналған нұсқа) **Шарты:** Балалар дөңгеленіп отырады, бір бала алақанын жұмып, қолына сақина салып, қалған балалардың алақанына «салып» жүргендей болады. Біреуіне шын салады. Қалғандары табуы керек. **Міндеті:** Зейін, есте	**Ұлттық ойын** Асық ойыны **(жеңілдетілген түрі)** **Шарты:** Балалар түрлі түсті асықтарды жинап, оларды бір жерге тастап, ішінен белгілі бір түсті табады немесе қатарлап тізеді. **Міндеті:** Саусақ моторикасы дамиды, түстерді ажыратуды үйренеді. (**құрастыру)**	**Ұлттық ойын:** Тақия тастамақ **Шарты:** Балалар шеңбер құрып отырады, біреуі арттарынан айналып жүреді. Қайсыбірінің артына тақияны тастап кетеді. Тақияны байқаған бала жүгіріп, оны қуып жетуге тырысады. **Міндеті:** Жылдамдық, бақылау қабілеті артады. Тақия суреттеріне оюды	**Ұлттық ойын:** Қуырмаш (саусақ ойыны) **Шарты:** Бала мен тәрбиеші саусақтарын біріктіріп, өлеңмен ойнайды. **Мысалы:** Қуырмаш, қуырмаш, Қуырмашты қуырмаш! тілім, тілім, тілім-ау, тілімді берші, күлім-ау! **Міндеті:** Саусақ моторикасын, сөйлеуді, көңіл-күйді дамытады.

		сақтау қабілеті артады. «Достар шеңбері» – Достардың бірге ойнаған сәтін табиғатпен байланыстыру (гүлдер, құстар суретін жабыстыру) **(жапсыру)**	– Ермексаздан үстел мен орындық жасау **(мүсіндеу)**	жабыстыру **(Жапсыру)**	**(Сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жекежұмыс		қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айта алмайды. Қайталап айтуын жетілдіру.	дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтпайды,сөздерді дұрыс айтуға үйрету.	дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтуға талпынысын жетілдіру.	шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдайды, бірақ сұрақтарға жауап бере алмайды.Сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Ас болсын! Рақмет! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті,**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен		**Қимылды ойын: «Кім тез?»** **Міндеті:** Жүгіру жылдамдығын, шапшаңдықты дамыту. **Шарты:** Балалар сызық бойымен немесе конустар арасымен жүгіріп өтеді. Кім бірінші келеді, сол жеңімпаз. **(дене шынықтыру)**	**Қимылды ойын: «Қарлығаштар ұясына»** **Міндеті:** Тепе-теңдікті, үйлесімді қимылды жеСөйлеудідіру. **Шарты:** «Ұя» ретінде шеңберлер қойылады. Балалар «қарлығаш» болып алаңда ұшады, белгі берілгенде ұясына жиналады.**(денешынықты**	**Қимылды ойын: «Кім қырағы?»** **Міндеті:** Зейінін, байқампаздығын арттыру. **Шарты:** Тәрбиеші түстерді немесе заттарды атайды, балалар сол түсті немесе затты алаңнан тауып көрсетеді.**(қазақ тілі)**	**Қимылды ойын: «Аңшылар мен қояндар»** **Міндеті:** Жылдамдық пен епТілікті дамыту. **Шарты:** Бірнеше бала «аңшы», қалғандары «қоян». Аңшылар қояндарды ұстайды.**(дене шынықтыру)**

			ру)		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		)– **Еңбекке баулу** – Құрдасына құрал-жабдық беріп көмектесу **Адамгершілік-патриоттық тәрбие** – «Көмектескенге рақмет де» әдетін қалыптастыру **Қимылды ойын** «Достар қол ұстасып» ойыны «Менің достарым» суретін салу – Ермексаздан қуыршақ жасау – Түрлі түсті пішіндерден **(Сурет салу, Мүсіндеу)**	**Еңбекке баулу** – Ойыншықтарды жинастыру **Адамгершілік-патриоттық тәрбие** – Амандасу, қоштасу әдебін үйрету **Қимылды ойын** «Балабақшаға барамыз» ойыны «Балабақша терезесі» бейнесін жапсыру, Балабақша ауласын қарастыру (ағаштар, гүлдер, ойын алаңы) **(Жапсыру**	**Еңбекке баулу,** – Үстелді сүрту, ойыншықты орнына қою **Адамгершілік-патриоттық тәрбие** – «Ортақ затты бүлдірме» **Қимыл-қозғалыс** – «Үйшікті тап» ойыны – «Менің сүйікті бұрышым» – Ермексаздан шкаф, кереует – Топ бөлмесіндегі заттарды бейнелеу– «Біздің топ бөлмеміз» (өсімдіктер, кітап бұрышы) **(Сурет салу, Мүсіндеу,)**	**Еңбекке баулу** – Үстелді жинау, аула сыпыруға көмектесу **Адамгершілік-патриоттық тәрбие** – «Әр еңбекті сыйла» **Қимыл-қозғалыс** – «Жұмысшылар» ойыны – «Балабақшадағы еңбек» суреті – Ас үй құралдарын жасау – «Еңбек құралдары» бейнесін мүсіндеу – «Балабақшадағы еңбектің пайдасы» **(Сурет салу, Мүсіндеу)**
Балалардыңүйгеқайтуы		**Өнегелі 15 минут**: Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Бүгінгі бақшадағы қызықтары туралы әңгімелесіп, сұрақ қойыңыз. Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут**: Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Күні бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз. Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут**: Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут**: Бірге үстел үсті ойын ойнап, логикасын дамытыңыз. Бірге сурет салып, күннің әсерлерін бейнелеңіз. Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**

Тәрбиешілер:Нурлыбаева М.Б.

Сулейменова Н.А:

Әдіскер: _____Атыгаева А.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ортаңғы «Қуаныш» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 09.09 - 13.09.2024 жыл II-апта
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби білікТілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктерінекүтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күнтәртібі	Дүйсенбі 09.09.2024ж	Сейсенбі 10.09.2024ж	Сәрсенбі 11.09.2024 ж	Бейсенбі 12.09.2024 ж	Жұма 13.09.2024 ж
Балалардықабылдау	Сәлеметсіз бе! **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балалардықабылдау барысында, балаларға қазақтың ұлттық аспабы — домбыраны таныстыру; Күй өнерінің ерекшелігін, маңызын түсіндіру; Балаларға музыкалық тәрбие беру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті ояту. Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут**: Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Баламен бақшаға барар жолда сан санау немесе өлең айту ойынын ойнаңыз.				

	Баланың сөмкесін бірге тексеріп, қажет заттарын бірге жинаңыз. Көңілді ән қосып, жақсы көңіл күймен шығарыңыз. Балаға бақшадағы достарымен жақсы уақыт өткізетініне сенім білдіріңіз. Балаға шағын мақсат қойыңыз («Бүгін ойыншықтарды бірінші жина»).				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Экологиялық тәрбие** «Жеуге жарамды – жарамсыз» жүргізуші белгілі бір көгөніс, жеміс, жидек немесе кез келген заттың атауын атап, қатысушыларға кезекпен доп лақтырады.Егер жарамды болса допты қағып алады (немесе қол шапалақтайды).(**Қоршаған әлеммен таныстыру**)	**Коммуникативтік дағды** «Тату-тәтті отбасы» мақсаты: Балалар ойын арқылы отбасы мүшелерін дұрыс атауды үйренеді. (**Сөйлеуді дамыту)**	**Коммуникативтік дағды** Музыка тыңдау шаттану. ойын: «Бұл не?» Міндеті топ бөлмесімендегі заттарды атау(**Сөйлеуді дамыту**)	**Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері» таныстыру, видеоролик көрсету	**Біртұтас тәрбие** Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі»**				
Таңғы жаттығу кешені	1)«Қолды бастан жоғары шапалақта».Б.қ:н.т. 1- қолды жаңға созу.2-қолды жоғары көтеріп шапалақтау.Б.қ келу. 2)«Алақанды көрсет».Б.қ: н.т. 1-қолды шынтақтан бүгеміз. 2-саусақтарымыз иықта.Б.қ келу. 3)«Иілу».Б.қ:1-иіліп ,саусақтарды аяқтың басына тигізу.Б.қ келу 4)«Еденге отыр».Б.қ:1-аяқ иық кеңдігінде,2-екі қолды артқа қойып тірелеміз,3-оң(сол)аяқты кезекпен көтеру.Б.қ келу. 5)«Секіру».1-бір орнында тұрып,қол белде,қос аяқпен секіру.Б.қ келу. 6) Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді				

	суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, шәй, май, ірімшік, сүт, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын! Рахмет! (**Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті,** Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту. **«Үнемді тұтыну»**				
	2-ші апта дәйек сөзі «Шебердің қолы алтын.»				
	Үстел үсті ойын: «Көкөніс пен жемісті ажырат» **Міндеті:** табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып, жемістердің өсуін, пісіп жеСөйлеудіуімен танысады. **(қоршаған орта танысу)**	**Дидактикалық ойын: «Бақша да ма,бау да ма?»** **Міндеті:** Жемістер мен көкөністер айырмашылықтарын түсініп, айта алады. **(қазақ тілі)**	**Дидактикалық ойын: «Телефон»** **Міндеті:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді. **(Сөйлеуді дамыту)**	**Дидактикалық ойын: Танып ал да, атын ата** **Міндеті:** заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. **(математика негіздері)**	**Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау»** **Міндеті:**Заттарды көріп с ипатау арқылы балаларқоршаған орта жайлы түсіне біледі. **(математика негіздері)**
	Дене шынықтыру	**Дене шынықтыру** **Музыка**	**Қазақ тілі**	**Дене шынықтыру**	
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене шынықтыру** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Міндеті:**артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту Артикуляциялық жаттығу «Айнамен бірге» Балалар айнаға қарап орындайды: «А-а-а» (ауызды кең ашу) «П-п-п» (ерінді түйістіріп, ауа шығару) «Б-б-б» (ерінді түйістіріп,	**Дене шынықтыру** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Музыка** (Музыка жеекшісінің жоспары бойынша). **Міндеті:**Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. «Құмалақ жасап көрейік» Тәрбиеші көрсетеді: «Құмалақ жасап көрейік» Балалар саздан құмалақ, доп, кішкентай шарлар жасайды Тәрбиеші сұрақ қояды: «Кімде көп шар?»,	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Жуан-жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету (дос – досым, достарым). **Ойын:**«Менің достарым» **Ойын барысы:** «Кім келді?» Тәрбиеші үстелге бір ойыншықты (мысалы, **дос**) қояды. «Бұл кім? – Бұл менің досым. Ал егер дос көп болса ше? – Достарым!» деп айтып береді. Бірге қайталайды: досым	**Дене шынықтыру** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Ойын:**"Менің досым кім?"**Міндеті:**Кітаптарға қызығушылықты ояту. «Бұл – менің досым» тақырыбында сөйлемдер айту. «Дос туралы әңгіме» оқу. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: – Балалар, сендердің достарың бар ма? – Дос деген кім? – Дос не істейді?	**Заттарды ажырату және атау** **Міндеті:**Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларға әртүрлі заттарды беру (жеміс, көкөніс, ойыншық). Бұл не?” деп сұрау, балалардың атауларын айтуын қадағалау. Салыстыру: “Бұл алма үлкен бе, кішкентай ма?”

	дауыс қосу) Тәрбиеші әр дыбысты баяу және тез айтуды көрсетеді, балалар қайталайды. **Ойын:** «Баяу сөйлейік» Тәрбиеші қарапайым сөздерді баяу айтып, балалар қайталайды: «Үй… ала… ша», «Қу… ыр… шақ» Балалар сөзді дұрыс және баяу айтып, артикуляцияны дамытады «Жаңылтпаш айтып көрейік» Қысқа жаңылтпаштар: «Қара қазан, қара қазан» «Бала бақшаға барды» **Ойын:**«Құрастыр да айт» Кубиктерден мұнара немесе үй құрастырады Құрастырған заттарын атайды баяу: «Бұл… үй… үлкен», «Мына… мұнара… биік» Кубиктер санын санайды: бір, екі, көп **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, Қазақ Тілі, Математика негіздері, Құрастыру**)	«Кімде кішкентай шар?» «Затты ата» Мүсінделген заттарды сипаттайды: «Бұл шар – кішкентай», «Бұл гүл – үлкен» «Санап көрейік» Мүсінделген заттарды санайды: «Неше шар бар?», «Неше гүл жасалған?» Артық/кем, көп/аз ұғымдарын қолдану: «Мынау көп, мынау аз» «Әңгіме құра» Балалар жасаған мүсіндер бойынша қысқа әңгімелер айтады: «Мынау үлкен шар, ал мынау кішкентай шар» «Гүл бақшасында өсіп тұр» **(Мүсіндеу,Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, Қазақ Тілі, Математика негіздері)**	– достарым, қонжық – қонжықтар, гүл – гүлдер, кітап – кітаптар, т.б. **Ойын:** «Құрастыр және көрсет» **Міндеті:** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Балаларға конструкторлар беріледі Тәрбиеші үлгі көрсетеді: «Үлкен мұнара құрастыр», «Кішкентай үй жаса» Балалар өздері құрастырады және көрсетіп айтады: «Мынау үлкен мұнара», «Бұл – кішкентай үй» «Санап көрейік» Балалар құрастырған заттарды санайды: «Қанша кубик бар?» Салыстыру: «Мынасы көп кубиктен, мынасы аз» Қарама-қарсы ұғымдарды қолдану: үлкен – кіші, көп – аз **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет**, **Құрастыру, Математика негіздері,**)	Балалар өз жауаптарын айтады. Тәрбиеші бағыттайды: – Дос көмектеседі, ойнайды, күлімдейді, бірге жүреді. **Міндеті:** Балалардың білуге және әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, жануарлар) арқылы балалардың қиялын, шығармашылығын дамыту. **Ойын:** “Түрлі пішіндер мен түстерді танып білейік” Балаларға әртүрлі заттарды (жеміс, көкөніс, ойыншық) ұсынып, “Бұл қандай пішінді?” деп сұрау. Бір затты алып, оған ұқсас пішінді қағаздан табу немесе қою. “Көңілді асхана” ойыны: әр бала түрлі ыдысқа пішіндер мен ойыншықтарды орналастырады. Санау жаттығуы: 1, 2, 3 деп санау арқылы заттарды топқа бөлу. “Дөңгелек алмадан нешеу бар?” сияқты қарапайым сұрақтар.	Пішін мен түсті атап көрсету: “Бұл дөңгелек пе, шаршы ма?” Балаларға қысқа қазақша әңгіме немесе суреттеме айту. Мысалы: “Малдарды қоршауда тұрған қызыл ойыншық көрдің бе? Ол дөңгелек пе, шаршы ма?” Балалардан өз сөздерімен әңгіме құрастыруын сұрау: “Қай зат сенің сүйіктісің?” Санау және салыстыру: “Қайсысы көп: 2 кішкентай алма ма, әлде 3 үлкен алма ма?” “Кім үлкен мұнараны жасайды?” **(Қоршаған ортаментаныстыру, Қазақ Тілі**, **Математика негіздері, Құрастыру)**

				(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, Қазақ Тілі,Сурет, Математика негіздері)	
2-ші таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жеСөйлеудідіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу ас болсын! Рахмет! (**Сөздік минимум)**				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жеСөйлеудідіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Бақылау**:Көшедегі машиналарды бақылау. **Міндеті:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту, су құю. **Міндеті:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. **Жеке жұмыс:** « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу	**Бақылау:**Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. **Міндеті:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Біздің ойыншықтар». **Міндеті:** Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. **Жеке жұмыс:** Тақпақ: «Құстар қайтып барады». **Міндеті:** Балаларға	**Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Міндеті:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек:** «Таза алаң». **Міндеті:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Е.ӨтеСөйлеудіеуов «Күшік». **Міндеті:** Үдыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты	**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Міндеті:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек:**Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Міндеті:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **Жеке жұмыс:** «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **Міндеті:** Балалардың Сөйлеудідерін дамыту	**Бақылау:** Алтын күзді бақылау. **Міндеті:**Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. **Еңбек:** «Таза алаң» **Міндеті:**Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты

	Міндеті:: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; Сөйлеудідің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту. **Қимылдық ойын:** «Ұшты-ұшты» **Ойын барысы:** « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Үшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға,үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже-шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады. **Дербес ойындар:** • «Тәтті тоқаштар» пісірейік • «Мені қуып жет». **Тренинг:** «Шаңырақ» **(Қоршаған ортамен танысу)**	тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. **Қимылдық ойын:** «Сымсыз телефон». **Ойын барысы:** Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б **Дербес ойындар:** 1.Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу.	мәнерлеп айтуға үйрету. Е.ӨтеСөйлеудіеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». **Міндеті:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Ойын барысы:**Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып, соны күлдіртуге күш салады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:**	арқылы, сөздік қорын дамыту. **Қимылдық ойын:** «Монданақ». **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ **Тренинг:** «Бір шаңырақ астында». **(Қоршаған ортамен танысу)**	орындауға үйрету. **Жеке жұмыс:** «Отбасы мүшелері» **Міндеті:**Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **Қимылдық ойын:** «Көрші». **Міндеті:**Балалардың епТілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде

		Тренинг: «Құс болып ұшайық». **(Қоршаған ортамен танысу)**	1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау. **Тренинг:** «Біз біргеміз». **(Қоршаған ортамен танысу)**		қалады. **Дербес ойындар.** **Тренинг:** «Біз татумыз» **(Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен танысу)**.
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Нан, сорпа, ,сусын, Көгөністер қияр, пияз, сәбіз. тамағыңды іш, ас болсын!**(Сөздік минимум)**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	Ертегі «Шалқан» **(көркем әдебиет)**	Ертегі «Бауырсақ» **(көркем әдебиет)**	Ертегі «Алтын жұмыртқа» **(көркем әдебиет)**	Ертегі «Үш аю» **(көркем әдебиет)**	Ертегі «Үйшік» **(көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

	Ас болсын! Рақмет! **(Сөздік минимум)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** «Соқыр теке» **Міндеті:** Есту қабілеті мен қимыл үйлесімділігін дамыту. **Өту барысы:** Бір бала көзін байлап, шеңбердің ортасында тұрады. Қалғандары оның айналасында жүреді. Көзі байланған бала біреуді ұстап, оның кім екенін табуға тырысады. Ермексаздан қуыршақ немесе дос бейнесін мүсіндеу **(мүсіндеу)**	**Ұлттық ойын:** "Көксерек" (сахналық қимылмен) **Міндеті:** Есту және қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. **Барысы:** Балалар алаңда жүріп, тәрбиешінің айтқанын орындайды. Тәрбиеші: "Көксерек, көксерек, Қайда жүрсің, жортақтап? Мына жерде балалар Жүгіріп жүр ойнап-ақ!" Пішіндерден қуыршақ жасау. **(Жапсыру)**	**Ұлттық ойын:** «Арқан тарту» **Міндеті:** Күш пен бірлікті сынау. **Құрал-жабдық:** Арқан. **Өту барысы:** Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі жағын тартады. Қай топ арқанды өз жағына тартып шығарса – сол топ жеңімпаз болады.	**Ұлттық ойын:** «Ақсерек-көксерек» **Міндеті:** Балалардың епТілігін,жылдамдығын, топпен жұмыс істеу қабілетін дамыту. **Өту барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ «Ақсерек», екінші топ «Көксерек» деп аталады. Белгіленген ережеге сай бір-бірінің ойыншысын ұстап алуға тырысады. Балалар пластилиннен **жеміс, көкөніс, жануар немесе кішкентай үй** жасау **(мүсіндеу)**	**Ұлттық ойын:** «Тақия тастамақ» **Міндеті:** Зейін мен байқампаздықты дамыту. **Өту барысы:** Балалар шеңбер болып отырады. Бір бала тақияны қолына алып, шеңберді айналып жүреді де, байқатпай біреудің артына тастайды. Тақия тасталған бала оны байқаса, қуа жөнеледі. – Ермексаздан гүл жасап, досына сыйлау. **(мүсіндеу)**
Балалармен жекеж ұмыс	кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған кейбір сұрақтарға жауап беруін жетілдіру.	дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айтуға талпысын дамыту.	оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталау. Сөздерді қайталауын жетілдіру.	Қанат Ерасыл қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуға талпынысын жетілдіру.	Қаржаубай Айым шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдайды, кейбір сұрақтарға жауап беруді үйрету
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотори каны дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Қимылды ойын:** «Сөреге жет» **Міндеті:** Жүгіру	**Қимылды ойын:** «Жолбарыстың ізімен» **Міндеті:** Бақылағыштықт	**Қимылды ойын:** «Түймелерді жина» **Міндеті:** Ұсақ моторика	**Қимылды ойын:**«Қарлығаштар мен мысық»	**Қимылды ойын:** «Тау шыңына шығу» **Міндеті:** Күш пен

	жылдамдығын дамыту. **Шарты:** Балалар белгі берілгенде сызықтан сызыққа жарыса жүгіреді. **(Дене шынықтыру)**	ы, қимыл дәлдігін дамыту. **Шарты:** Жерге іздер (қағаз, бормен) салынады. Балалар сол ізбен жүріп, жолбарыстың «үңгірін» табады**(Сурет салу, дене шынықтыру)**	мен епТілікті дамыту. **Шарты:** Алаңға шашылған түрлі түсті дөңгелек заттарды (түйме орнына) жинап, себетке салу. **(Дене шынықтыру)**	**Міндеті:** ЕпТілік, шапшаңдықты дамыту. **Шарты:** Бір бала мысық, қалғандары қарлығаш. Мысық қарлығаштарды қуып ұстайды. **(Дене шынықтыру)**	төзімділікті дамыту. **Шарты:** Балалар қадамдап, жорғалап немесе еңбектеп «тауға» (төсеніш, кішкентай кедергі) көтерілед **(Дене шынықтыру)**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)**				
